

Әнес F. Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты ...

F.ӘНЕС

МАХАМБЕТ ӨЛЕҢДЕРІ НҰСҚАЛАРЫНДАҒЫ МАҚСАТТЫ ЖӘНЕ ТЫНЫС БЕЛГІСІНЕ ҚАТЫСТЫ ПАЙДА БОЛҒАН АУЫТҚУЛАР

В статье говорится о пунктуационных и лексических отклонениях в поэтических изданиях Махамбета Утемисулы.

Yazar M.Ötemisulu eserlerindeki amaçlı ve noktalama işaretleri açısından ortaya gelen değişiklikleri değerlendirmiştir.

Мақсатты ауытқулар негізінен мәтін ішіндегі сөздердің үйқас үшін, өлең сөздің сұлулығы үшін шығарушылардың қажет деп тапқан синонимдерімен, мағынасы көмексі тартқан сөздерді түсінікті болып табылатын атауларға ауыстыруымен және ең бастысы, саясат (цензура) араласқан тұста белгілі бір сөздерді өдейі өзге бір сөзben ауыстыруға байланысты болып келеді.

Оған жоғарыда біз лексикалық ауытқулар деп таныған сөздер тобы мысал бола алады. Әрине, бұл – санамаланған өзгерістер тілге, мәтін тұтастығына жасалған тікелей қиянат. Махамбет өлеңдерінде саяси цензураның дұмыуімен жасалған өзгертулер уақтылы текстологиялық жағынан қайта қалпына келтірілгендейдікten, мектеп бағдарламаларынан бастап, жоғары оқу орындарына арналған оқу құралдарына дейін еніп, құлаққа сізді болып кеткен. Сондықтан да кейінгі ұрпақ (адресат) бүрмаланған сөздердің астарына үцілмесстен, сол күйінше оқи беретін дәрежеге жеткен. Мәтінтанушы маманың тікелей міндеті мәтіннің құрылымын о бастағы қалпына барынша жақындану болғандықтан, әр жылғы тізімдерді салыстырып, автор қолданған тұпнұсқаға барынша жуық варианттарды сини (канондық) нұсқада таңдаға алуға тура келеді. Мысалы:

Тағы сыңды мырза едік (1989)//

Тағы сыңды ер едік (1974).

Бұлықсып жүрген мырзадан (1989)//

Бұлықсып жүрген ерлерден (1939, 1948, 1974).

Қанның тобы үш атты (1948, 1939)//

Орыс добын үш атты (1989).

Алаштағы жақсыдан (1989, 1948)//

Елдегі асыл жақсыдан (1939).

Мұсылманиң баласын (1989)//

Кара қазақ баласын (1939, 1948, 1974).

*Ауызы тұкті көуірдің (1925) //
Ерегіскен дүшпанды (1989, 1939).*

Тізімдердегі тыныс белгілеріне қатысты пайда болған айрымдар.

Тыныс белгілерінің төл тілімізде қалыптасуы ұлттық жазудың қалыптасуы дәуірімен байланыста қарастырылып жүр [1]. Сол сияқты профессор Б.Әбілқасымов алғашқы қазақ газеттеріндегі тыныс белгілерінің жайына арнайы тоқталғандығы белгілі [2, 61]. Бұл көрсетілген еңбектерден қазақ тіліндегі тыныс белгілерінің біртіндеп бір ізге түсे бастауы XX ғасырдың алғашқы ширегіне дейін созылғанын көреміз.

Ал жалпы тыныс белгі, пунктуациялық ережелердің бір қалыпта түсіү хат мәдениетінің дамуы, түрлі әдеби шығармалардың баспа бетін көруімен байланысты, қажеттілікten туындастыны белгілі.

Араб әліппейін пайдаланған тілдердің қай-қайсысында да көпке дейін тыныс белгілері бір ізге түсіп, жалшылық сипат ала қоймағандығы туралы проф. А.Казембек былай дейді: “В восточных языках нет знаков препинания (исключая в Ал-коране). Это одно из существенных причин, по которым книжный язык всегда отличается от языка разговорного. Если персюнину или турку вздумалось бы писать своим разговорным языком какую-нибудь сказку или роман, то какое сочинение для азиатца было бы столько же запутано и непонятно, сколько для европейца любое романтическое сочинение без всяких знаков препинания, без больших букв и без всякого отделения предметов; Турки, чтобы облегчить эти неудобства, которыми их язык изобилует преимущественно перед восточными языками, прибегают в книжном языке к частому употреблению союзов, деепричастий, причастий и других частей речи, которые служат у них к соединению фраз и предложений, составляющих одно целое, нередко чрезвычайно длинное” [42, 436]. XIX ғасырдың екінші жартысында араб графикасымен жарық көрген аздаған қазақ кітаптары тыныс белгілерін жүйелі пайдалана қоймаған еді. Бұл жөнінде Б.Әбілқасымов былай дейді: “Ең алғашқы баспасөзіміз “Түркістан уәләяті газетінде” де ешбір тыныс белгісі қолданылмаған. “Дала уәләяті газетінде” шыға бастаған алғашқы жылдарындағы номерлерінде де тыныс белгісі кездеспейді. Тек қана ұзак күрделі ой не бір тұтас пікір біткенін білдіру үшін екінші ой жаңа жолдан басталып жазылғаны байқалады. Ал осы абзаңтағы сөйлемдердің өзін бір-бірінен ажырату өте қындық келтіреді» [2, 63].

1896 жылғы 4 августағы 31-номерінен бастап “Дала уәләятінде” тыныс белгілерінің қазіргі жаңа жүйесі туралы хабарлама жарияланады. Оnda *нұктес* (.) – тыныс, *нұктелі үтір* (;) –

Әнес F. Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты ...

жарты тыныс, ал *үтір* (,) – тыныстың төрттен бірі деп аталғанымен, қолданылатын орындары көрсетілмеген. Кейіннен 1898 жылдан бастап, сызықша, оның қолданылатын орны жөнінде хабарлама берілген. Мұндай ала-құлалық қазақтың тұңғыш ұлттық басылымы саяналатын “Қазақ” газетінде (1913-1917) ғана айқындалып, жоғарыда аталғандарынан өзге сұрау (?), леп (!), сұраулы леп (?!), жақша (), қос нұкте (:) белгілері еркін қолданылатын дәрежеге жеткен [3, 74-75].

Әрине, бұл тыныс белгілік ауытқулар арасында мәтіндегі тыныс жолдарын, интонацияны жүйелеумен қатар сөздің (тіркестің) мағынасын да өзгергіп тұратын тұстары жоқ емес. Мысалы:

Қоғалы көлдер, құм сулар (1925)//
Қоғалы көлдер, құм[.] сулар (1939, 1948, 1989).

Кімдерге қоныс болмаған[.] (1925)//
Кімдерге қоныс болмаған[?] (1948, 1974)//
Кімдерге қоныс болмаған[?!] (1989).

Жау іздеген ерлердің [-] (1939, 1948)//
Жау іздеген ерлердің (1925, 1989).

Тізімдерде көп нұктені” (...) қойыла бастауы 1939 жылдан бастап беле” алады:

Біздің бүйткен бұл іске[...] (1939)//
Біздің бүйткен бұл іске[.] (1925, 1989, 1948, 1974).

Іштегі қызғын басылды-ау[!] (1939)//
Іштегі қызған басылды-ау[.] (1925)//
Іштегі қызғын басылды-ау[!] (1989, 1974, 1948).

Ажалымыз қайдан-ды[!] (1925)//
Ажалымыз қайдан-ды[?!] (1948)//
Ажалымыз қайдан-ды[?] (1989).

Исатай [-] басшы, мен [-] қосшы (1989, 1974)//
Исатай басшы, мен қосшы (1925).

Орыс добын үш атты[...] (1925, 1939)//
Сонда батыр жөнелді[.....] (1925)//
Қан өскері кенелді[....] (1925).

Әдette қалыптасқан үш иоқатының орнына төрт-бес иоқаттың қойылуы тыныс белгілері жөніндегі ғылыми пікірдің өлі де орныңағандығын білдіреді.

Нұсқаларда сөз мағынасының өзгеруіне әсер ететін *-ды*, *-ді*, *-дагы*, *-дайын*, *-дейін* көмекші элементтердің бірге немесе сыйықша арқылы жазылуына байланысты туындаған орфографиялық ауытқуларды атап өтпеске болмайды.

Тұлқі дейін тұн қатып (1925)//
Тұлқідейін тұн қатып (1989).

Қарындасым барды деп (1925, 1939, 1948)//
Қарындасым бар-ды деп (1989).

Қайғырамын мен дагы (1925)//
Қайғырамын мен-дагы (1948, 1939)//
Қайғырамын мен-дагы (1989).

Кім женері талайды (1925)//
Кім женері талай-ды (1989).

Кейде де, да көмекші етістіктері де өзінің алдындағы сөзбелі бірігіп жазылып кетіп отырған:

Малың берде, басың қос (1939).
Сенде айрылдың көліңен (1939).

Қарадан бірақ тусайшы (1939)//
Қарадан бір-ақ тусайшы (1989).

Егер тізе берсек, тыныс белгіге, орографиялық нормаға қатысты туындаған айырмашылықтар өте көп. Біздің түйіндең айтартымыз, мәтінтануда ұсақ-түйек нәрсе жоқ. Әсіресе, әдебиетшілер мәтінді қалпына келтіруде тыныс белгіге аса көп мән беріп жатпайтыны жасырын жәйт емес. Сол себепті лингвомәтінтанушысыни (канондық) мәтін түзөр тұста ең алдымен осы тыныс белгі, сөздердің дұрыс жазылуына баса назар аударуы шарт. Бұл өз тарарапынан жалпы тіл тазалығына, әдеби тіл мәдениетін көтеруге ықпал етері сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Новикова Т.М. Лингвистика текста: Современное состояние, синтаксис и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. Вып. 8. М., 1978. -267 стр.; Новикова Л.А. Художественный текст и его анализ. М., 1988; Әбдірахманов Т. Сөз – текстология жайында // Қазақ әдебиеті, 1966, 25-февраль, №9 (С.Торайғыров шығ.).

Әнес Ф. Махамбет өлеңдері нұсқаларындағы мақсатты ...

- Текстологиясы туралы); *Еспембетов А.* Сөз тәркінін іздесек...// «Жалын», 1980; 3.
Сыздық Р. Қазақ әдеби тілінің тарихы. – Алматы: Арыс, 2004.-283 б.
2. *Әбілқасымов Б.* XVIII-XIX ғасырлардагы қазақ әдеби тілінің жазба нұсқалары. – Алматы, Ғылым, 1988. – 144 б.
 3. *Момышнова Б.* «Қазақ» газетіндегі қоғамдық-саяси лексика. – Алматы, Арыс, 1998. – 110 б.

REZUME

ANES G. (Almaty)
**PUNCTUATION AND LEXICAL DEVIATIONS IN POETIC EDITIONS OF
MAHAMBET UTEMISULY**

The article deals with the punctuation and lexical deviations in poetic editions of Mahambet Utemisuly.